

Aşağıda verilen metni okuyunuz, metnin transkripsiyonunu yapıp Türkiye Türkçesine aktarınız, içeriği hakkında sınıfta konuşup sorulan sorulara cevap veriniz.

Kaynak:

Agzamova Z., K. Shaymerdenova (2006) Kazak Tili, Almatı.

## Наурыз

Әр халықтың жаңа жылды қарсы алу уақыты өр түрлі. Ол халықтың орналасқан жеріне байланысты. Еуропа елдерінде жаңа жыл 1 қантар, ал кей жерінде 1 қыркүйек болса, Азияның көпшілік аумағында көктемде қарсы алады. Біздің елімізде Жаңа жылды 22 наурызда атап өтеді.

Наурыз — шығыстағы мұсылман елдерінің өзіндік тарихы бар ежелгі мерекесі.

Наурыз — қазақ тіліне парсы тілінен аударғанда “жаңа күн” деген мағынаны білдіреді. Жаңа жылды қарсы алу — күн мен түннің теңелуіне байланысты. Наурыз — табиғаттың жаңауының, малдың төлдеп, ақтың молаюының белгісі. Қазақ халқы бұл күнді жаңа, сөнді киімдерін киіп, салтдәстүр бойынша тазару, жаңау күні деп қарсы алған. Қазіргі кезде көп жерлерде бұл күні киіз үй тігіледі. Өр адам өзінің ағайын-туыстарымен, достарымен бір дастарқаннан наурыз көжеден дәм татады. Олар бір-біріне ақ тілек тілеп, үлкендер бата береді. Сондықтан да наурыз — бірлік пен ынтымақтың, ақ тілек, ақ батаның күні болған.